

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС ПӘНІН ЖҮРГІЗУІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУДЕГІ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР**

«Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» атты Қазақстан Республикасының Президенті — Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Барлық құқық қорғау жүйесі жұмысының сапасын арттыру қажет. Зор әкілеттілік пен құқық иеленген шенділер мінсіз мінез-құл-қымен және жоғары кәсіби деңгейімен ерекшеленуі тиіс. Аса маңызды міндет — сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруда жалғастыру».

Қазақстан Республикасының Конституциясы халықаралық-құқықтық актілердің артықшылығын мойындай отырып, адамның ең жоғары құндылығы оның әмірі, құқықтары мен бостандықтары деп бекітті. Тұрақты тіршілік ету мен үдемелі дамудың, қазақстандық азаматтардың лайықты жағдайы мен әмірлік деңгейін қалыптастырудың конституциялық шарттары құқық бұзушылықты ескерту мен оның жолын кесу, қылмыстылықпен күрес жүргізу, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады.

Мемлекеттегі қоғамды демократияландырумен бірге аяқ басып келе жатқан экономика-ның нарықтық қатынастардың дамуы қалай дегенмен мемлекеттегі заңдылықтың жай-күйіне, қылмыстылыққа әсер етпей қоймайды. Сонымен бірге бұл жерде қолданылып отырған шаралардың қатандығы қашанда қылмыстылықтың әсу қозғалысы мен ағымы тиісті әсерін бере қоймайды. Сондықтан қылмыстылықтың деңгейін тәмендету мен тұрақтандыру мәселесін қылмыстық ізге түсудің баламалы шараларын пайдалану жолымен шешу жолындағы шешімдер барған сайын маңызға ие болып келеді.

Дауларды баламалы қылмыстық ізге түсу шараларымен сотқа дейінгі реттеуді шетелдік және отандық құқық танушылар құқық қорғау қызметіндегі ең әсерлі бағыты ретінде мойын-дайды. Мұндай кәзқарастың мәні құқық бұзушылық құрбаны мен құқық бұзушының арасын-дағы дау-дамайды мәжбүрлеу тұрғысынан емес, тараптардың мүдделері тұрғысынан шешу-мен кәрінеді.

Қалпына келтіруші әділеттің теориялық зерттеулеріне, сондай-ақ оның ғылыми жолмен жүзеге асуымен бәрінен бұрын криминологтар, процессуалистер, психологтар мен әлеуметтанушылар айналысады, яғни түрлі салалардың әкілдері болса зерттеулердің кешенді сипаттарын, оның жоғары әсерлігін кәрсететін кәпқырлылығын ғана мақұлдайды.

Қазақстан Республикасы ІІМ ведомстволық оқу орындарында білім беру процесінің маз-мұны заманауи сатыда белгіленген талаптарға сай «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бой-ынша біліктілігі жоғары мамандарды дайындауды мақсат тұтады.

Мемлекеттің ведомстволық оқу орындарының алдына қойған негізгі талаптарының негіз-інде мамандырылған қызмет бойынша жан-жақты білім беру және жоғары патриоттық, мо-ральды-кәсіби сапалы құрумен қоса қажетті тәжірибелі біліктілікпен білімдерін арттыру мақ-саты тұр. Қоғам дамуының заманауи шарттарында курсанттардың тәжірибелі біліктілікті иемдену бойынша мамандандырылған қызмет мазмұнына талаптар жоғарылады. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан — 2050» Стратегиясы» Жолдауында бағыттарды және орта, жоғары оқу орындарының оқу жоспарларының акцентін, оның тәжірибелік біліктілікті оқыту және арттыру акцентіне назар аударып отырып әзгерту қажеттілігі ерекшеленді.

Мамандарды дайындау барысында тәжірибелік бағыттың күшейтіп білім беру процесінің барлық деңгейлеріндегі сапалы білімге ерекше кәңіл бәлінумен байланысты. Ең алдымен жоғары мектепте білім беру жүйесін инновациялық технологияларды, білім беретін және қадағалайтын компьютерлік бағдарламалар даярлауды және қолдануды, кәрнектілік, сатылық, жүйелік және ғылыми принциптерді ескере отырып, білім берудің басқа да заманауи және қызмет ететін әдіс тәсілдерді енгізу болып табылады.

Әткізілетін сабақтардың теориялық және тәжірибелік деңгейін арттыру үшін, курсанттар-дың білімді және тәжірибелік біліктілікті менгерулерінің жоғарлығы үшін мыналар қолданы-лады және асырылады:

- ПМ тәжірибелік органдарынан курсанттардың білім ала отырып өз бетінше ұсынылған жағдайларға байланысты заңдық баға беруге немесе қозғалыс алгоритімін ұсынуға мүмкіндік беретін аса қызықты фрагменттерден тұратын видео-бейнелерді монтаждау үшін және сцена-рийлер даярланған мәліметтер;

- түлектердің кәсіби шеберлігін анықтайтын байқаулар;

- компьютерлік технологияларды қолдану мүмкіндіктері әткізілетін сабақтардың әдістеме-лік деңгейін арттыруға курсанттардың бұдан әрі тәжірибелік қызметте қолданатын компью-термен және оргтехникамен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Теориялық және тәжірибелік білім беру арақатынасын сондай-ақ мыналарда жүзеге асы-рады:

- жоғары оқу орындарының тәжірибелік ішкі істер органдарымен арақатынасы формасында;

- білім беру жүйесіне тәжірибелік жұмыскерлердің қатысуында, яғни профильді және арнайы пәндерді әткізу барысында құқықтық қолдану тәжірибесі жоғары мамандарды шақыруда;

- ішкі істер органдарының қызметі бойынша жоғары оқу орындарының өзара тәжірибе-мен, нормативтік актілермен оқу әдебиеттермен алмасуда. Білім берудің тәжірибелік бағыты дәрістік және семинарлық мәліметтердің орны толмас қосымшасы бола тұра құқықтық біліктіліктің негізін қалыптастырады және құрайды, тұлға-ның шығармашылық белсенділігін ғылыми тұрғыда ойлануын, сәйлеу мәнерін, курсанттар-дың кәңіл аударуын қамтамасыз етеді. Білім беру жүйелерінің кәсіби қызметтің шынайы саласымен сабақтасуы білім беру тәжі-рибесін қатаң қадағалау барысында, теориялық және тәжірибелік әдіс-тәсілдердің өзара қатынасы, негізгі мақсатқа — болашақ маманның кәсіби негіздерін қалыптастыруға қол жет-кіздіреді.